

№268 мектеп-лицей

№268 мектеп-лицей 2023 - 2024 оқу жылына арналған әлеуметтік педагог Абилкасимова Айгерімнің жылдық жұмыс есебі.

Қызылорда қаласы, 2024 жыл

**№268 мектеп-лицей 2023 - 2024 оқу жылына арналған әлеуметтік педагог
Абилкасимова Айгерімнің жарты жылдық жұмысы**

Мақсаты : Әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық – педагогикалық жұмыстың қортындысын шығару.

Жұмыстың объектісі : оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары. Өз міндетінде жету үшін әлеуметтік педагог баланы, оның ахуалын, дағдарысының деңгейін одан шығу жолдарын зерттейді.

Бұл әлеуметтік педагогтың негізгі мақсаттарының бірі.

Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысы жыл басында бекітілген жылдық жоспар негізінде жүргізіледі.

Бала тәрбиесін жүйелі жүргізу үшін сынып жетекшісіне баланың отбасы құрамын, тұрмыс жағдайын, ата-ананың білімі мен қаншалықты балаға уақыт бөлетінін, отбасындағы психологиялық ахуалды, баланың жеке психологиялық даму деңгейін т.б білу мақсатында біршама педагогикалық – психологиялық іс-әрекеттер жасалынды.

❖ Тамыз айы бойынша білім алушылардың жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізілді. «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Мектепке келіп түскен өтініштер көп болғанына қарамастан, барлығын қанағаттандыруға тырыстық. 2023-2024 оқу жылы қарсаңында №268 мектеп-лицейінде 01 тамыз 30 қыркүйек аралығында "Мектепке жол" республикалық акциясы "Жақсылық жаса" ұранымен қарқынды жүзеге асырылды. Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы жайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Көмекке мұқтаж балалардың деректер базасы құрылды. Өткен оқу жылы бойынша мектеп-лицейде жалпы саны 2253 оқушы білім алды. Көп балалы оқушылар саны-523, өгей әке-7, өгей ана-0 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушы саны-6, ерекше білімді қажет ететін оқушылар-15, аз қамтамасыз етілген оқушылар саны-226

«Мектепке жол» акциясы барысында, қамқоршылық тәрбиедегі, көп балалы аз қамтылған отбасы балаларын қолдау мақсатында сумка, оқу құралдары, мектеп формасы мен спорттық киім таратылды.

Сонымен қатар, мектебімізге қолдау көрсеткен Ж.Маханбетов ауыл әкімшілігі 189000 тг көлемінде көмек берілген қаржыға 15 оқушыға сумка, толық оқу құралдары 10 оқушыға мектеп формасы алынды. Мектеп ұжымы да акцияға белсенділік танытып, 20 оқушыға сумка оқу құралдарымен,

5 оқушыға спорттық киіммен қамтыды «Далатекс» киім тігу цехы 10 оқушыға мектеп формасын алып берді. Мектебімізде оқушыларға қажетті жағдай жасау бойынша, атап айтқанда, тұрмысы төмен және көп балалы отбасылардағы оқушыларды жаңа оқу жылына дайындау 30 қыркүйекке дейін жалғасады, және «Мектепке жол» акциясы жыл бойы жалғасын табады



Әр сынып жетекшілері өз сыныптарына әлеуметтік зерттеу картасын жүргізіп, алынды . Мектеп бойынша әр отбасының әлеуметтік статусы анықталып , мектептің әлеуметтік картасы жасақталды.

❖ №268 мектеп-лицей бойынша 2023 - 2024 оқу жылындағы әлеуметтік картасы

№	Әлеуметтік санаттар	саны
1	Барлық оқушылар	1340
2	Отбасы түрі бойынша:	
3	Толық отбасылар	358
4	Толық емес отбасылар	75
5	Анасы жоқ балалар	7
6	Әкесі жоқ балалар	58
7	Көп балалы отбасы	523
8	Аз қамтамасыз етілген отбасы	226
9	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	8
10	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	13/7үйден оқиды
11	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
12	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0
13	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0
14	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар	0

❖ Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысының (08.08.2022 ж №554) 3-тармақ 4-бөліміне сәйкес **қаржылай көмек 40 567 теңге 241 оқушыға тағайындалды.**

- ❖ Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылардың тізімі нақтыланып, ата – аналардан қажетті құжаттары жинақталды. Ата – аналардан ыстық тамаққа өтініштер қабылданып, құжаттар жинақталды.
- Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.
- Сынып жетекшілермен жиналыс өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- Журналдар арнау және мектеп басшысының мөрімен бекіту
- Кеңес беру журналы;
- Тіркеу журналы;
- Сараптамалық журнал;
- Өтінішті тіркеу журналы;

- ❖ **Қалалық білім бөлімінен келген хабарламаларға жауап беру және олардың тізімі:**
- ❖ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі бойынша 15 қыркүйек күні сағат 10.00 мен 13.00 аралығында атаулы әлеуметтік көмек топтамасы шеңберінде жолақы тағайындалған оқушылар арасында қоғамдық көлікпен қатынайтын оқушылар тізімін жолдау қалалық білім бөліміне 7 кабиентке өткізу.
- ❖ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 25.09.2023 жылы келген 2112/228 санды хатына жауап беру.
- ❖ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 15.09.2023 жылы келген №1114 сандық хатына жауап беру.

➤ Жоспар бойынша қыркүйек айында атқарылу керек жұмыстардың бірі мектептің әлеуметтік картасын жинақтау. Оқушының әлеуметтік - психологиялық даму картасы, сыныптың әлеуметтік картасы және мектептің әлеуметтік куәлігі (паспорт) жасалынды.

Көрсеткіштер атауы:

- Ата –ана қамқорлығынан айырылған балалар; 8
- Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар;226
- Толық емес (ата – анасының біреуі қайтыс болған) отбасының балалары;75
- Көп балалы отбасы балалар;523
- Патронат оқушылар;0
- Үйде оқытылатын оқушылар тізімі;7
- Форма -4;
- Өгей әкемен бірге тұратын балалар тізімі; 9
- Өгей анамен бірге тұратын балалар тізімі; 0
- Жалдамалы пәтерде тұратын балалар тізімі жасалынды.

❖ Ата - аналарға әлеуметтік - психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік – тұрмыстық, әлеуметтік – еңбек кеңес берілді

❖ Оқушылардың ыстық тамаққа баруын, ыстық тамақтың сапалы берілуін қадағалып отырмыз сонымен қатар мониторинг жүргізілді.

❖ Қамқоршы, қорғаншы және патронат тәрбиедегі оқушылардың заңды өкілдерімен үнемі хабардамын.

❖ Сынып жетекшілермен бірлесе отырып өгей әке, өгей анамен тұратын оқушыларды анықтап олармен жиі байланыста болдық және тұрмыстық жағдайларын бақылау жұмыстарын жүргізіп акт жасадық.

❖ Оқушылардың ыстық тамаққа баруын, ыстық тамақтың сапалы берілуін қадағалып отырмыз сонымен қатар мониторинг жүргізілді.

Тегін ыстық тамақпен қамтылу.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 109 тармағына сәйкес, 2023-2024 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап мектебімізден 1-11 сыныптар аралығындағы тұл жетім,көп балалы және әлеуметтік тұрмысы төмен білім алушылардың тізімі нақтыланып, ыстық тамақпен қамтылуда. Нақтыланған тізім бойынша қаражат есебінен 1-11 сыныптар аралығында 226 оқушының құжаттары қабылданып тамақтанатын болды.

Мектеп бойынша әлеуметтік тұрмысы төмен 226 оқушы ыстық тамақпен қамтылады.

2023-2024 оқу жылында 1 категория (Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар) – 67 оқушы

2 категория (атаулы әлеуметтік көмек алмайтын аз қамтылған отбасылар)- 152 оқушы

3 категория (Қорғаншы,потранат) - 7 оқушы

2023 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығымен бекітілген ,Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін . Қазір және әрдайыи»сайлау алды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 77 бөліміндегі барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп келеді. Бастауыш сынып бойынша 394 оқушы қамтылса ,жекеленген әлеуметтік мәртебесіне байланысты 226 оқушы ,барлығы 620 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап ИП"Досаханова”мектеп асханасын жалға алу келісім шарты қайта жасалды. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысын осы аталған мекеме ұйымдастырып келеді. Конкурс қорытындысы бойынша ыстық тамақпен қамтылатын әрбір оқушы бір күнде 557 теңгеге ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан : бәріміз және әрқайсымыз үшін , қазір және әрдайым» сайлау алды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 77 бөліміндегі барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтылуы.

Тамақтандыруды ұйымдастырушы ИП «Досаханова» мектеп асханасын ұйымдастыруы қанағаттандырарлық жағдайда. Ас мәзірі бойынша тамақтану, оқушылар гигиенесы, тазалық жұмыстары уақытылы жүргізіліп отыр. Мектеп асханасында қызмет көрсетушілері (аспазшылар) өз жұмыстарын тиянақты, әрі таза жүргізіп келеді. Мектеп оқушыларына жеке бас гигиенасы жөнінде, ағзаға зиян келтіретін (кола, кериешки, чипси, ход-дог т.б.) тағамдар жөнінде мектеп аяжанымен бірге түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді. 5-10 сынып аралығында «Дұрыс тамақтану» тақырыбында диктант, сауалнама жұмыстары жүргізілсе, 1-4 сынып аралығында «Пайдалы тағам-зиянды тағамдар» тақырыбында сурет салу жұмысы жүргізілді. Осы уақытқа дейін мектебімізде жаппай тамақтану фактісі орын алған жоқ. Алдағы уақытта асхана тазалығы, оқушылардың дұрыс тамақтануын қатаң қадағалау жалғасын табады.



❖ **Қалалық білім бөлімінен келген хабарламаларға жауап беру және олардың тізімі:**

- ❖ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі бойынша 10 қыркүйек күні сағат 10.00 мен 13.00 аралығында атаулы әлеуметтік көмек топтамасы шеңберінде жолақы тағайындалған оқушылар арасында қоғамдық көлікпен қатынайтын оқушылар тізімін жолдау қалалық білім бөліміне 7 кабиентке өткізу.
- ❖ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 25.09.2023 жылы келген 2112/228 санды хатына жауап беру.
- ❖ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 15.09.2023 жылы келген №1114 сандық хатына жауап беру.
- ❖ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі Қызылорда қаласы әкімдігінің хатына сәйкесмектеп бойынша ата-аналар мен балалардың сандық мәліметін қосымшас кестеге толықтыру.

- Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың құжаттарын қабылдау, жолақымен қамту. IV квартал қазан айында АСП бойынша 50 оқушы жолақымен қамтылды.
- Қазан айында атқарылған жұмыстар жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балалардың құжаттарын жинақтау.
- Қиын жағдайда тап болған немесе зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалармен жұмыс. Анықталған отбасымен және оқушымен арнаулы әлеуметтік қызметтерді ықпалдастыру. КЕЙС ашылған оқушылармен жұмыс жасалуда.
- Мектеп асханасында ыстық тамақтың мәзірі бойынша берілуі күнде қадағаланып отыр және кезекшілік қойылды.
- Қамқоршы, қорғаншы тәрбиедегі оқушылардың оқуға дайындығын бақылау жұмыстары жүргізілді сонымен қатар сабақтарына қатыстық және де заңды өкілдеріне кеңестер бердік.

Мұхтаров Елдос - 5 «д» сынып оқушысы қорғаншылық тәрбиедегі бала. Сабаққа қызығушылықпен қарайды. Сабақ барысында ойын ашық еркін жеткізеді.

Қаражанова Сандуғаш - 8 «а» сынып сабағына жауапкершілікпен қарайды алайда көп қолдау керек мінезінің тұйықтығына байланысты сабақта белсенділік танытпай қалады. Пән мұғалімдері қосымша жұмыс жүргізуде.

Шамаев Нұрислам - 6 «в» сынып оқушысы. Сабақта өзін өзі ұстауы, сабаққа ынтасы жақсы.

Заңды өкілдеріне кеңестер телефон арқылы берілді нәтижесі кеңес беру журналына тіркелді

- *Цифрлық сауаттылықты арттырып отыру (НОВД, күнделік, Bilimland платформаларын) қолдану арқылы ыстық тамақ ішетін оқушыларды күнделік кз сайдтымен тексеріп ай сайын табель жасау.*

- **«Үздік әлеуметтік педагог-2023»** қалалық кезеңіне қатысып І орынды иелендім. 11.10.2023 ж
- **«Үздік әлеуметтік педагог-2023»** облыстық кезеңіне қатысып ІІ орынды иелендім. 13.10.2023 ж





Қалалық білім бөлімінен келген хабарламалар тізімі:

- Қалалық білім бөлімінің 2023 оқу жылында дайындық негізінде атаулы әлеуметтік көмек топтамасы шеңберінде және қалған 4 санаттағы оқушыларға берілген көмек түрлерінің қаржысы және жеткізуші мекеме жайлы ақпаратты кесте арқылы толтыру.
- Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі бойынша 21-22 қазан күндері сағат 10.00 мен 13.00 аралығында атаулы әлеуметтік көмек топтамасы шеңберінде жолақы тағайындалған оқушылар арасында қоғамдық көлікпен қатынайтын оқушылар тізімін жолдау қалалық білім бөліміне 7 кабиентке өткізу.
- Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі 25 қазан күні сағат 15.00 ZOOM платформасымен онлайн режимде әлеуметтік педагогтардың кезектен тыс жиналысы.
- Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 01.12/344 сандық хаты.

Мектепке жаңадан келген оқушылардың тізімін сынып жетекшілерден алып әлеуметтік жағдайын бақылауда ұстау.

Ерекше мұқтаждыққа ие оқушылармен жұмыс:

- ✓ Оқушылардың тізімдері толығымен жасақталды , денсаулығына мониторинг жүргізу;
- ✓ Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу;
- ✓ Оқу – тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау;
- ✓ Сынып жетекшілермен бірлесе отырып өгей әке, өгей анамен тұратын оқушыларды анықтап олармен жиі байланыста болдық және тұрмыстық жағдайларын бақылау жұмыстарын жүргізіп акт жасадық.
- ✓ ☒ Ерекше жандардың шығармашылығын насихаттау мақсатында «Жүрек жылуы» облыстық өнер конкурсына 5 г сынып оқушысы Шүкірбек Нұржігіт қатыстырылып жүлделі 3 орынмен марапатталды.
- ✓ Мәдени іс – шараларға тарту; «Әрбір бала бір жұлдыз жарқырауыңа жәрдем ет!



- ❖ Оқушылардың әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығын диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізу .
- ❖ Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен қамту.
- ❖ Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушыларды ыстық тамақ тізіміне енгізу.
- ❖ Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың құжаттарын қабылдау, жолақымен қамту.
- ❖ Мектепте ата-анасынан немесе заңды өкілінен бөлек тұратын кәмелетке толмаған оқушылардың тізімі жасақталып жұмыс жасалды

**№268 мектеп-лицей бойынша заңды өкілінсіз немесе сенім хатпен тұратын кәмелетке толмаған балалар туралы
мәлімет**

№	Баланың аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Мектебі, Сыныбы/оқу орны, курс	Бірге тұрып жатқан адамның туыстық байланысы , (сенім хат берілген тұлға)	Сенім хат мерзімі
1	Алмешова Кәусар	21.02.2009ж	№268 мектеп- лицей, 9«в» сынып	Жүсіпбекова Шамсия Ж.Маханбетов ауылы, 31 көше 2үй	05.01.2022ж.алын ған 3 жылға жарамды
2	Тұлтаева Тамирис	12.04.2016	№268 мектеп- лицей, 2 «а» сынып	Муслимова Айымкул О.Жакенов №35	14.02.2022ж алынған 3 жылға жарамды.
3	Серіков Нұрперзент	25.01.2014	№268 мектеп- лицей 4г	Нағашбай Балнұр нағашы жеңгесі	Қорғаншылық тағайындауға құжаттарын дайындап жатыр
4	Кенжебек Сағындық	27.09.2012	№268 мектеп- лицей 5а	Муслимова Айымкуль нағашы әжесі	14.02.2022ж алынған 3 жылға жарамды
5	Ағатаев Жандарбек	23.03.2011	№268 мектеп- лицей 7б	Оразалиева Рыскал Амировна нағашы әжесі	27.01.2021 ж .алынған 3 жылға жарамды
6	Сарман Бағдаулет	27.06.2007	№268 мектеп- лицей 11ә	Әжесі: Сарман Венера	12.07.2023ж алынған 3жылға жарамды.
7	Бекболат Илигай	20.08.2013	№268 мектеп- лицей 5 а	Әжесі Байдаулетова Рыалды	23.11.2023 ж 3 жылға жарамды
8	Наурызбай Шынарай	09.12.2012	№268 мектеп 5б	Әлішева Нұрсауле	21.11.2023ж 3 жылға

- Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың құжаттарын қабылдау, жолақымен қамту
- Ыстық тамақ ішетін оқушыларды қадағалау, асхана жұмыстарын бақылау, комиссия мүшелерімен мониторинг жүргізу
- Қамқоршы, қорғаншы, потранат тәрбиесіндегі оқушылардың есебін қалалық білім бөліміне өткізу
- Қалалық білім бөлімінен келген хаттарға уақытында жауап беру
- «Сенің отбасың қандай» рейд (мүмкіндігі шектеулі, өгей әкесімен, өгей анасымен, үйден оқытылатын, қамқорлық, қорғаншылық тәрбиесіндегі оқушылардың үйлері араланды



*Қамқоршылықтағы оқушы Мұхтаров Жандос 7 «В» сынып қорғаншы анасы Жунусова
Жанар және сынып жетекшісі*



Мұхтаров Мерей, Мұхтаров Елдос қамқоршылықтағы оқушылар



Қаражанова Сандуғаш қорғаншы отбасы 8«А» сынып.



Шамаев Нұрислам қорғаншы отбасы



Спиртова Нина патранат отбасы

- ❖ «Қош келдің, жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!» атты Президент атынан өткізілетін жаңа жылдық шыршаға қатысатын оқушылар туралы мәліметті қалалық білім бөліміне өткізу.
- ❖ Президент атынан өткізілетін жаңа жылдық шыршаға қатысқан оқушылар: **Анасы қайтыс болған үздік оқушы Өмірзақ Нұрай 5 сынып оқушысы**



➤ *Мектеп-лицейіміздегі үйден оқитын оқушыға демеуші атынан жаңа жылдық сыйлық сыйланды*



№268 мектеп-лицей әлеуметтік педагогы Абилкасимова Айгеримнің ұйымдастыруымен *«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет!»* тақырыбы аясында инклюзивті білім алатын оқушыларға қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Шара барысында Жомарт Инабат, Өмірзақ Тұрар, Өмірсерік Рахматулла, Махамбетияр Нұраят, Камал Ермұхаммед, Мұхтар Нұрдаулет, Ғафуржанқызы Айшаға қолдау көрсету мақсатында мектеп психологымен бірігіп іс-шара жүргізіліп сыйлықтар таратылды.



Мақсаты: Мектептен тыс жұмыстар арқылы оқушылардың дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін қалыптастыру, көңіл-күйін игере білуге, қабылдауды дамытуға, бір-бірімен мейірімділік және қамқорлық қатынасты қалыптастыруға баулу.

Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында сергіту ойындары ұйымдастырылды. Сергіту жұмыстары барысында оқушылар бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіріп, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.





Сонымен қатар, оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыра отырып, рухани жан дүниесін байыту мақсатында мектеп қабырғасында «Жылы жүрек-жомарт қол» (қолөнер бұйымдарын жасау, қолдан пісірілген тәтті тоқаштар) тақырыбында «қолөнер» туындыларынан сыйлықтар жасау арқылы жәрмеңке ұйымдастырылды. **Жәрмеңкенің мақсаты** – аз қамтылған, көп балалы отбасы, әлеуметтік себептерге байланысты оқушылардың мектепке келмей қалуының алдын алу.

Мектебіміздің әлеуметтік педагогы Абилкасимова Айгерім мен тәлімгері Рахманкулова Набат апай бастаған шараға мектеп оқушылары аталған жәрмеңкеге жоғары белсенділікпен және қызығушылықпен өз үлестерін қосты.



Қаңтар айының 4, 5, 6 күндер аралығында сынып жетекшілер арқылы, білім алушылардың ай сайынғы сыныптардың әлеуметтік қозғалысын анықтау туралы құжаттары жиналып, есеп алынды. 7 қаңтар күні қамқоршы, қорғаншы, патронаттық тәрбиедегі білім алушылардың тоқсандық қортындысына мониторинг жасалды. 2023жылдың қаңтар айының 8, 7 күнінде №268 мектеп-лицейіміздің сынып жетекшілер арқылы «Мемлекеттен берілетін атаулы әлеуметтік көмек туралы (телефон, WhatsApp) желісімен, жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтарының, тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар», екендігі ата-аналарға айтылып, түсіндірме жұмыстар жүргізілді. АӘК алатын отбасыларына алдағы уақытта І тоқсан бойынша анықтамасын сынып жетекшілер арқылы мектепке алып келуі тиіс екендігі айтылды. Қаңтар айының 11 - 20 күндері №268 мектеп-лицейіміздің медбикесімен бірлесе жұмыс жасап, Қызылорда қаласының №4 емханасынан педиатр балалар дәрігері, көз дәрігері, лор дәрігері, хирург дәрігері, бас ауруының дәрігері, тіс дәрігерлері келіп, әлеуметтік мәртебиеге ие білім алушылар мен жалпы мектеп-лицей білім алушыларына профилактикалық - медициналық бақылау жұмыстары жүргізілді. 14 қаңтар күні «Сақтан ұрпақ СПИД деген қатерден» тақырыбы бойынша мектеп медбикесі-Ж.Абилкасимова мен әлеуметтік педагог – А.Абилкасимова ұйымдастыруымен 9 сынып білім алушыларына іс – шара өткізілді. Жаңа оқу жылының басында мектеп медбикесімен біріге отырып, санбекет бойынша қыркүйек айында «Салауат санбекет» жоспары құрылып, жалпы білім алушылардың денсаулықтарына мектеп-лицейіміздің медбикесі Ж.Абилкасимова жопар бойынша жұмыстар жүргізуде. Қаңтар айының 18, 19 аралығында №268 мектеп - лицейіміздің медбикелерінен манту сынағасы жөнінде мәліметтер алынды. Қаңтардың 20 күні мектеп-лицейіміздің әлеуметтік топтағы балалардың тұрғын-жайын зерттеу актілерін сынып жетекшілер арқылы таратылып мәлімет жиналды. Қаңтар айының 21 күні **«Жаппай тамақтан улану және жұқпалы аурулардың алдын алу»** тақырыбында диктанттар алынып түсіндірмелі жұмыстар ұйымдастырылып, мектеп-лицейіміздің әлеуметтік педагогы: А.Абилкасимова, медбикесі:Ж.Абилкасимова және 5-ші сынып оқушылары мен сынып жетекшілеріне түсіндірмелі сабақтар өткізілді. Қаңтар айының 21 күні мектеп-лицейіміздің ДТІЖО: Ә.Беделбеков , және әлеуметтік педагог: А.Абилкасимова қатысуымен ата-аналар жиналысында «Атаулы әлеуметтік көмек алатын ата-аналардың құжаттарын жинақтау» тақырыбында сынып жетекшілерге баяндама оқылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді . Екінші оқу тоқсан қорытындысы бойынша №268 мектеп-лицейінде 1215 білім алушысы оқиды. Қаңтар айының 26 күні мектеп-лицейіміздің қабілеті жоғары және төмен білім алушыларына әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету мақсатында «WhatsApp» қосымшасы арқылы психологтар мен әлеуметтік педагогтардың визит карточкасы таратылды. Оқу үлгерімі төмен білім алушыларға мектеп психологтары – Ж.Бажеева мен мектеп әлеуметтік педагогы А.Абилкасимова ұйымдастыруымен кеңестер мен әлеуметтік көмектер берілді. мектеп-лицейіміздің сынып жетекшілермен бірлесе отырып, алдағы уақытта өтетін өзін-өзі тану пәні бойынша

он күндік апталық аралығында өз үлесімізді қосып және жоспар бойынша ақпан айының 9 күні белгіленіп, «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциясы аясында, демеушілер мен меценаттарды тарта отырып, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларына қайырымдылық марафонын өткізу жоспарланды. Қаңтар айының 29 күні АӘК жөнінде сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға ақпараттар берілді. №268 мектеп лицейі бойынша қолайсыз жағдайға тап болған отбасы балалары анықталмады.

Білім беру ұйымдарының қызметкерлері , ата-аналарға тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамаларға онлайн түсінік беру.

№268 мектеп-лицей бойынша тұрмыстық зорлық –зомбылық саласындағы заңнамаларға мектеп ата-аналарына түсіндіру жұмысы жүргізілді .

Тұрмыстық зорлық –зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214 –IV заңы

1-тарау ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап .Осы заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар

1. Жәбірленуші –өзіне қатысты тұрмыстық зорлық –зомбылық моральдық зардап , дене зардабы және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға негіз бар жеке адам;
 - 1-1. Көмек көрсету жөніндегі ұйымдар-осы Заңға сәйкес жәбірленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер және көмек көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар;
2. Отбасы –тұрмыстық қатынастар – ерлі –зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар,жақын туыстар,ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар;
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық –отбасы –тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретінін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті
4. тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы – тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын,отбасы –тұрмыстық қатынастар аясында адамның және және азаматтың конституциялық құқықтарын,бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға , тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге , сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық ,эканомикалық әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

5. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері- тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары , ұйымдар және Қазақстан Республикасының азаматтары.

Ақпан айының 1-2 күні аралығында мектеп-лицейінің директор тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: «Ә.Беделбеков және сынып жетекшілердің қатысуымен «Қиын жағдайға тап болған немесе зорлық – зомбылықтан зардап шеккен» білім алушыларды анықтау мақсатында жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында мектеп-психологтары: Ж.Бажеева, «Өмірлік қиын жағдайларды шешу» және «Адам құқықтары мен әлеуметтік әділеттік – әлеуметтік жұмыстың іргелі қағидалары» тақырыбында әлеуметтік педагог А.Абилкасимова баяндамаларын оқып, сынып жетекшілерге түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ақпан айының 3-4 күндері сынып жетекшілермен бірлесе отырып мектебіміздің өгей әке, өгей анамен тұратын оқушыларға (телефон, WhatsApp) желісі арқылы сұрақтар қойылып, тұрмыстық жағдайларына бақылау жүргізілді. Ақпан айының 5 күні «Ерте жүктіліктің алдын - алу» тақырыбында 9 сынып білім алушыларының қыздар арасында ОЖДО мамандарымен бірлескен алдын алу жұмыстары жүргізілді.

әлеуметтік статустағы ата-аналарға берілетін жәрдемақы жөнінде сынып жетекшілер арқылы ақпараттар берілді.

Алғыс айту күніне орай аспазшы апайларға ұйымдастырылған шараның көрінісі



«Балалар үшін бірігейік» атты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар және мектеп психологы әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып жүргізілген ата-аналарға арналған шара.





«Сыйынар ем Ана деген тәңірге!» атты әлеуметтік аз қамтылған отбасы аналарына арналған шарадан үзінді.



Мектеп оқушыларымен жүргізілген тренинг сабақтардан өзінді.





Жалпыға міндетті оқу қорынан 20 балаға сыртқы лагерьлерге қаржы бөлініп құжаттары жиналу үстінде.

«ҚЖ Жаздық Жолдама» қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сынып арасынан 50 оқушы қамтылу жоспарлануды

Мектепшілік күндізгі лагерьге тегін тамақпен 30 балаға «Балдәурен » лагерьі ұйымдастырылды.



Жылдық есеп жинақталып Қызылорда қалалық білім бөліміне , мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына тапсырылды.

Әлеуметтік педагог

А.Абилкасимова